

4. Макконнел К.Р., Брю С.Л. Экономикс; принципы, проблемы и политика: В 2 т./Пер. с англ. 11-е изд. - М.: Республика, 1992. Т 1.- С. 95.
5. Портер М. в ссылке 2, С. 44-45.
6. Мусакожоев Ш.М., Абдылдаев Т.А. М-91 «Проблемы экономического развития Кыргызстана» /Учебное пособие/Московский институт предпринимательства и права (Каракольский филиал). – Б. 2002.-С 18.

Жунусалиева А.Б.

ӨНІМНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада "бәсеке" деген ұғымдардың, бәсекелік нарықтың, монополия мәселелері зерттеледі. Жаһандандыру мен өндірісті интернационализация заманында шығаратын өнімнің тиімділігінің бірден бір өлшемі бәсекеге қабілеттілік болып табылатыны автормен аталған. Бәсекеге қабілеттіліктің ортақ тұжырымдамасының құрғанда осы көріністің барлық жақтарын ескеруге қажет.

Кілт сөздер: монополия, нарықтар, бәсеке, сатушылар, сатып алушылар, бәсекелестік.

Dzhunucaliva A.B.

THEORETICAL ASPECTS OF COMPETITIVENESS OF PRODUCTS

Annotation In the article conducted research of problem of monopolistic, competition markets, concepts "competition". Marked an author that, in the epoch of globalization and internationalization of production the only criterion of efficiency of the produced products is a competitiveness. At forming of general conception of competitiveness it is necessary to take into account all parties of this phenomenon.

Keywords: monopoly, markets, competition, salespeople, customers, rivalry.

ӘОЖ 631.162

Исмайлова Е.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІН ЖӘНЕ САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ІС:БУХГАЛТЕРИЯ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада қосылған құн салығының бухгалтерлік есебін және салық есептілігін ІС: Бухгалтерия бағдарламасында ұйымдастыру қарастырылған.

Кілт сөздер: құн, салық, бюджет, ІС:Бухгалтерия бағдарламасы, салық Кодексі.

Кіріспе

Мемлекеттің нарықтық экономиканың қалыптасуына әсер ете алатын экономикалық тетіктері арасында басты рөл салықтарға беріледі. Кез келген мемлекеттің нарықтық дамуы мемлекеттік өмірдің, әсіресе оның экономикасының басты жақтарының реттегіші ретінде салық саясатын пайдалануды кең таратуды көздейді. Отандық және шетелдік тәжірибеде салық және салық жүйесі экономиканы басқарудың ең ұтқыр қаржылық институтының бірі болып табылатынын көрсетеді.

Қазақстанда нарықтың экономикалық нығаюы шарттарында кәсіпкерлік қызметке жағымсыз әсер тигізбейтін, рационалды салық жүйесінің құрылуы бүгінгі күні аса маңызға ие бола бастады. Сондықтан шаруашылық субъектілер мен бюджет арасындағы экономикалық арақатынастарды құруда салықтың қазынашылық және реттеушілік қызметтерін сәтті қосуға мүмкіндік беретін, кәсіпкерлердің іс-әрекеттерін салықтық реттеуді оптимизациялау айтарлықтай күрделі мәселелердің бірі болуда. Осы мәселелерді неғұрлым тездетіп шешуден халықтың әлеуметтік жағдайы, экономикалық дағдарыстың ұзақтығы, жүргізілетін экономикалық реформаларға тәуелді.

ҚР салық жүйесі мемлекетте жүргізілетін түбегейлі түрлендірулердің ең басымды бағыттарының бірі ғана емес. Салық саясаты туралы мәселелері айқын саяси және әлеуметтік сипатқа ие болады. Оның орынды және тиімді қызмет атқаруы экономикалық проблемаларды ғана шешпейді. Мемлекеттік тәуелсіздікті күшейту мен саяси тұрақтылық та салық саясатымен байланысты. Салық реформасымен халықтың хал-жағдайын көтеру болашағымен де байланысты.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер айқын болуы тиіс. Салық салудың айқындығы салық төлеушінің салықтық міндеттемелері туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңнамасында белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының салықтары және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері айқын болуға тиіс. Салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салық міндеттемесі, салық агентінің салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндеті туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленуін білдіреді[1].

Қосылған құнға салынатын салықтың орны ерекше, бұл салық басқа салықтарға ұқсамайды. Оның ерекшелігі ол бюджет кірістерін құрайтын салықтық түсімдердің ішіндегі салықтардың бірі және салық салынатын тауар құнына алдын-ала қосылғандықтан, бұл салықты соңғы тұтынушы төлейді.

Қосылған құнға салынатын салық шет елде әр тауар, әр қызмет түріне қарай әр түрлі ставкалармен салынады.

Қосылған құнға салынатын салық тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және олардың айналысы барысында қосылған құн өсімінің бір бөлігін аудару болып табылады. Бюджетке төленетін қосылған құн салығы өткізілген тауарларға (жұмыс, қызмет) есептелген ҚҚС сомасымен сатып алынған тауарларға (жұмыс, қызмет) есептелген ҚҚС сомасының арасындағы айырма ретінде анықталады. Қосылған құн салығының объектісі болып, салық салынатын айналым саналады. Салықты төлеушілерге ҚР-да қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркелген тұлғалар жатады.

Қосылған құнға салынатын салық бойынша бюджетпен есеп айырысу операцияларын 3100 «Салық бойынша міндеттемелер» бөлімшесінің шоттарында есепке алынады. Бұл бөлімшеде: 3130 «Қосылған құн салығы» шоттарының есебін жүргізеді[2].

Компаниялардағы тауар есебін жетілдіру бойынша бухгалтериялық есепті жүргізуде қолданылатын бағдарламаларды көрсетеміз. Яғни, бухгалтерлік жұмысты жеңілдету, тездету және шығы аз, қызмет жүргізуді ПК компьютерленген бухгалтерлік «Алтын» бағдарламасында, жабдықтаушылар мен жұмыс жасау және тауарлы – материалдық қорларды қоймаға қабылдау жөнінде айтып кетеміз.

Сонымен қатар, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді жүргізу бөлігінде ақпараттық жүйені автоматтандырудың көкейкестілігін атап өтуге болады. Бүгінгі таңда кешендік автоматтандыру жүйесі, яғни ұйым қызметінің түрлі салалары үшін бірыңғай ақпараттық жүйелері бизнестегі маңызды аспаптардың біріне айналды. Тәжірибе көрсеткендей, ақпараттық жүйелер кең қолданылатын ХҚЕС-қа көшкен ұйымдарда оң өзгерістерге қол жеткізу әлдеқайта жеңіл. Сондықтан да ХҚЕС-ты ойдағыдай енгізу бухгалтер жұмысының жеделдігін арттыруға және уақтылы әрі тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есепке алу жан-жақты автоматтандырусыз жүзеге аспайды.

Негізгі жұмыс сауда компанияларында «Қойма» есебінде жүргізіледі, «Алтын» бағдарламасында аналитика қандай да болмасын баланстық шотта бес баспалдақты болады. «Қойма» есебінде келесі функциялар жүзеге асады:

- материалдар, тауарлар, қоймаға түскенде бірінші ретті құжаттар, жабдықтаушылардан қабылданған қызметтер құжаттамасы өңделеді, олар шығысқа апарылады, ал ҚҚС олар бойынша есепке алынады;

- тауарлы-материалдық қорларды ішкі қозғалысына накладной мөрмен рәсімделеді, мысалы, өндіріске немесе сату нүктесіне;

- материалдарды есептен шығару бойынша накладной мөрі және рәсімделуі;

- шығу құжаттарды құру: қалдық есеп кітабы, материал қозғалысы бойынша айналым ведомосі, шығыс және кіріс ведомостарі, инвентарлық ведомостер;

- автоматты түрде ҚҚС-ң электронды салық есебі ақпараты құрылып, НК МФ программасына аударылады.

- сонда автоматты түрде бухгалтерлік корреспонденция құрылып, «Балансқа» аударылады. Карточка қалдықты жыл басына көрсетеді және тауарлы-материалдық қорлардың әрбір қозғалыс ерекшелігін көрсетеді.

- жинақтаушы сыйпаттағы карточка.

Меню → Документы → «Материалдарды қабылдау» мұнда қоймадағы материалдар кірісі өңделеді. Бұл үшін кіріс құжатының келесі мәліметтері енгізіледі: нөмірі, күші, кіріс сомасының жиынтығын және корреспонденттік баланс шоты. Бұл кезде жабдықтаушы аты сұралады, бұған терезеде пайда болған жабдықтаушылар тізімінен керек атты таңдаймыз. Егер біз тауарды бірінші рет алып тұрсақ, оған карточка ашылу тиіс. (Вставка → таза орынға атын жазу) және содан кейін оның аты жабдықтаушылар тізімінде болады. «Номенклатура» справочнигін қолданып, тауар атын таңдаймыз, тауар көлемін көрсетеміз, бұл тауар есептелетін және қойма нөмірі көрсетілетін баланстық шотты көрсетеміз.

Бағдарламада тауарлы-материалды қорлар есебі мен есепті шығару тәсілдері: ФИФО, орташа өлшенген болып табылады. Бір накладной бойынша қабылданған тауарлар қоймада бөлек-бөлек қабылдануы мүмкін. Құжатты өндегенде салық сомасы қосымша құнда ерекшеленеді, ол кіріс-смет фактура реестріне түседі.

Салық есебінде керекті смет-фактура реестрі электронды түрде, НК МФ программасында формат бойынша құрылады. Жабдықтаушы карточкасында оның БИН және ҚҚС есеп қойылым куәлігінің нөмірі болады. Олар салық есептілігі 300.00-Н ҚҚС бойынша салық декларациясына түседі. Бағдарламаны пайдалану тиімділігіне, сервистік мүмкінділіктеріне көз жеткіземіз. Бұл бағдарлама бухгалтерге өз жұмысын әрі тез, әрі сапалы түрде жүргізуге көмектеседі[3].

Ендігі, бухгалтердің жұмысын жеңілдететін программаларға «1С: Бухгалтерия» бағдарламасы.

«Сату және қойма» бағдарламасында біріктірілген тауарлар, ол туралы ақпараттар «Номенклатура» анықтамасында болады. Біріктірілгендердің тізімі, комплемент тұратын құрамы, қоластындағы анықтамаға «Комплемент құрамы» енгізіледі, онда «баға коэффициентіне» коэффициент енгізіледі. Баға коэффициентін қолмен енгізуге болады немесе біріктірілгендердің бағасына сәйкесті қойылуы мүмкін. Біріктіру операциялары «Тауарлы-материалдық қорлардың комплектациясы» құжатымен рәсімделеді, онда комплект атын таңдау және көлемін көрсетуден кейін кестелік бөлімін автоматты түрде толтыруға болады, соған байланысты комплемент құрамын оперативті құжат әзірлеу кезінде өзгертуге болады. Құжатты тіркегеннен кейін біріктірілгендер белгіленген қоймадан өзіндік құн бойынша шығарылып тасталады.

Ақпарат талдауы «Сату және қойма» көптеген әртүрлі есеп берулерден тұрады, олар икемді құрылымдарға және мәліметті топтауға мүмкіндік береді. Сату – шаруашылық іс-әрекет нәтижелеріне анализ жасау үшін, сонымен қатар келешектегі операцияларды жоспарлау мен бақылау үшін аналитикалық есеп берудің кең спектрі қолданылады. Меню → отчеты → аналитикалық.

Жабдықтаушылар мен сатып алушылардың тауарлар бойынша жинақталған ақпарат алу үшін (клиенттер бойынша есеп беру) қолданылады. Ал сатып алушылардың проект жөніндегі өтініш бойынша ақпараттарды жабдықтаушыларға заказдар бойынша тауарлы материалдық қорлардың түсуі мен кетуін «Проект бойынша есеп беруде» топтастыруға болады.

«Сату динамикасы» талдау жасауға белгілі бір мерзімдегі таңдалған түрлі тауарлардың сату динамикасын есеп беру көмегімен жасауға болады.

«Айналым құралдардың динамикасы» есеп беруі компанияның активі мен пассивінің құрылымын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар олардың өзгеру тенденцияларын көруге болады. Ал «Сату анализі» бойынша сату іс-әрекетінің пайдалылығын бағалауға болады. Егер тауарлар жақсы сатылған жабдықтаушыны анықтау керек болса, онда топтастыру тәртібін қою керек «Жабдықтаушы - «Номенклатура», ал егерде жабдықтаушының тауарын алудан түскен максималды табысты анықтау керек болса, онда «Номенклатура» - «Жабдықтаушы» топтастырылып қою керек.

«Үлгі жоспар» анықтамасы бухгалтерлік операцияларды шаруашылық іс-әрекет бойынша дұрыс қолдану үшін қолданылады. Бағдарлама, сонымен қатар, әрбір құжат құрылған бухгалтерлік жазулар жөнінде мәлімет алуға мүмкіндік береді. Ал байланыстары белгілі мерзімдегі шаруашылық операциялар бойынша файлға апаруға болады. Сонымен қатар кассалық құжаттар ақпаратын, сату және сатып алу кітаптарындағы жазуларды жинақтап файлға апаруға болады. Осылайша, топтастырылған файлдар «1С: Бухгалтерия» бағдарламасына апарылады[4].

Қазақстан Республикасының аумағында қызмет жасайтын кәсіпорындары мен ұйымдары мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігін қалыптастыруға қатысады және бұл жиналған қаражаттар ел экономикасын дамытуға, мемлекеттік құрылымдарды ұстап тұруға және халықтың материалдық-мәдени деңгейін көтеруге бағытталады. Ұйымдардан салық түрінде алынған құралдар мен басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндеттемелер» Кодексімен реттеліп отырады. Осы нормативті-құқықтық акті бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар бюджетпен есеп айырысуда мына салық түрлерін төлейді: табыс салығы, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, жер салығы, көлік құралдарының салығы, мүлік салығы және т.б.

Нарықтық қатынасқа көшу кезінде салықтардың ел экономикасының дамуына ықпал ететін басты қару ретінде маңыздылығы айқын. Бүгін басқару органдарын қаржыландыратын түрлі табыс көздерінің ішінде алдыңғы қатарлы салықтарды, әсіресе қосылған құн салығы алады.

Республиканың салық жүйесін, оның ішінде қосылған құнға салық салу жүйесін басқа қаржы жүйелерімен қатар жетілдіруді қажет етеді. Түрлі жеңілдіктерді пайдаланушылардың салықтан босатуды талап етуі көбейгеніне және қосылған құнға салынатын салықты жинаудың қиындығына қарамастан, олардың соңғы жылдары бюджеттің кірісіндегі ролі барған сайын кеміп келеді.

Бұл проблемамен байланысты екінші бір проблема-бюджетке төлемдерді анықтау кезіндегі есепке алуға жатқызылатын ҚҚС бойынша. Қазақстанда бұл күннен күнге өсіп келе жатқан өзекті мәселе. Салық кодексінде ғимараттар мен инвестицияланатын басқа да тауарларға осы салық сомасын есепке алуды шектейтін норма енгізілген болатын. Бұл жағдайда тек қосылған құн ғана емес, жалпы барлық сомаға салық салынады. Сонда бұл салықтың мөлшері әртүрлі капиталдық тауарлар өндірісінің күрделі қаржы сиымдылығына тәуелді болады, яғни өзінің экономикалық бейтараптылығын жоғалтады және капиталға салынатын салыққа айналады. Бұл өз кезегінде бір жағынан тұтынушылық таңдауды бұрмаласа, екінші жағынан экспорттық қызметті ынталандыруға кедергі келтіреді.

Бухгалтерлік есепке алу мен салықтық есеп беру жүйесін дамыту елдің экономикалық жағдайындағы өзгерістермен тығыз өзара байланыста және шаруашылық тетіктің даму сипаты мен деңгейіне жауап беруі тиіс.

Бухгалтерлік есепке алу мен салықтық есеп беру жүйесін одан әрі дамытуды ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есеп пен салықтық есептілікте қалыптастырылатын ақпараттың сапасын, ашықтығын және салыстырмалылығын арттыру мақсатында мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асыру қажет, сатып алушылық сұранысты жоғарлату бағытына және ол арқылы өндіріс құрылымын осы сұранысты қанағаттандыру бағытына өзгертуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. *Нұрымов А.А.* Салық және салық салу: оқу құралы / ҚР Білім және Ғылым министрлігі ұсынған. - Астана : ҚазЭҚХСУ, 2009. - 546 б.
2. Бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспары 23.05.2007 ж. № 185
3. *Жақыпбеков Д.С.* Қазақстандық кәсіпорындарындағы салық салу, салық есебі мен есептілігін ұйымдастыру : оқу құралы / Д. С. Жақыпбеков. - Алматы : Экономика, 2009. - 354 б.
4. *Таттибаева К.М.* «1С: Бухгалтерия с МСФО для Казахстана», Алматы 2009 ж.

Исмаилова Е.К.

ФОРМИРОВАНИЕ В ПРОГРАММЕ 1С: БУХГАЛТЕРИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА НАЛОГА НА ДОБАВЛЕННУЮ СТОИМОСТЬ И НАЛОГОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ

Аннотация В статье приведены формирование в программе 1С: Бухгалтерия бухгалтерского учета налога на добавленную стоимость и налоговой отчетности.

Ключевые слова: налог на добавленную стоимость, бюджет, 1С: Бухгалтерия, Налоговый кодекс.

Ismailova E.K.

FORMATION PROGRAM 1 C: ACCOUNTING ACCOUNTING OF VALUE ADDED TAX AND TAX REPORTING

Аннотация This article discusses the formation of the 1 c: accounting accounting of value added tax and tax reporting

Keywords: value added tax, budget, 1 c: accounting, tax code.

УДК 631.02.11

Калыков Д.Б., Абдыкалыков Т.Д., Мырзабекова С.Н.

Казахский национальный аграрный университет

РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИИ В АГРАРНОЙ СФЕРЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Рассматриваются основные проблемы инновационного развития аграрной сферы Казахстана. Обосновывается необходимость развития аграрной науки и увеличение научных разработок отечественных ученых, и их внедрение (коммерциализация) в аграрный сектор. Проведен мониторинг реализации инвестиционных проектов по линии НУХ «КазАгро» и его дочерних подразделений, а также фонд «Даму». По результатам мониторинга показана народнохозяйственная значимость реализуемых проектов и их влияние на инновационное преобразование сельского хозяйства Казахстана и повышение его конкурентоспособности.